

ҚР Мәдениет және ақпарат

К.Байсейітова



Мәдениет комитетіне қарасты
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» директоры
Абдрашев Б.Т.

2025 ж.

**Қазақстан Республикасының орта мамандандырылған музыкалық
мектептерінің, балалар музыкалық мектептері мен өнер мектептерінің
оқушыларына арналған
Орындаушылық өнер олимпиадасы туралы ереже**

1. Жалпы қағидалары

- 1.1. Осы Ереже Орындаушылық өнер олимпиадасының мәртебесін және оны өткізу тәртібін реттейді.
- 1.2. Олимпиаданы дайындау және өткізу ұйымдастыру комитеті (ұйымдастыру алқасы) арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын бекітеді. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының шешімдері мен қатысушыларға орындарды тағайындау үшін жауапкершілік көтермейді. Ұйымдастыру комитеті Олимпиада іс-шараларын өткізу барысында түсірілген бейнежазбаларды, баспа және өзге де өнімдерді пайдалануға және таратуға құқылы.
- 1.3. Осы Ереже Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, қаржыландыру тәртібін, сондай-ақ Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін (лауреаттарын) айқындау тәртібін белгілейді.
- 1.4. Олимпиаданың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» РММ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен.

2. Мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Классикалық музыкалық мұраны сақтау, дамыту және кеңінен насихаттау.
- 2.2. Музыкалық орындаушылық өнерге дарынды балаларды кеңінен тарту.
- 2.3. Мектеп оқушылары арасынан талантты, болашағы зор орындаушыларды анықтау, олардың орындаушылық шеберлік деңгейін арттыру, білім алушылардың өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау, сахналық мәдениетті қалыптастыру, конкурста қатысушылардың музыкалық талғамы мен стиль сезімін музыкалық өнердің үздік үлгілері негізінде тәрбиелеу және дамыту.
- 2.4. Оқушылардың орындаушылық шеберлігін жетілдіру, музыкалық дарынды балалардың кәсіби және шығармашылық дамуын қамтамасыз ету, республиканың талантты жастарына қолдау көрсету, Қазақстанның музыкалық өнерін насихаттау.
- 2.5. Білім беру ұйымдарының оқытушылары арасында орындаушылық өнер саласында тәжірибе алмасу.

3. Конкурсты өткізу шарттары

3.1. Олимпиада 2026 жылғы 24–25 қаңтар аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің

ҚР МАМ «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ базасында (Алматы қ., Байзақов көшесі, 304) өтеді. Олимпиада офлайн форматта өткізіледі.

3.2. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының дарынды балаларға арналған орта мамандандырылған музыкалық мектептерінің, балалар музыкалық мектептерінің және өнер мектептерінің оқушылары қатысады.

3.3. Орындаушылық өнер олимпиадасы келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- Арнайы фортепиано
- Ішекті аспаптар (скрипка, виолончель)

3.4. Олимпиада кіші және орта жас топтарында өткізіледі.

«Арнайы фортепиано» номинациясы бойынша:

1. Кіші топ – 7 жастан 9 жасқа дейін (қоса алғанда)
2. Орта топ – 10 жастан 12 жасқа дейін (қоса алғанда)

«Ішекті аспаптар» номинациясы бойынша:

Скрипка:

1. Кіші топ – 7 жастан 9 жасқа дейін (қоса алғанда)
2. Орта топ – 10 жастан 12 жасқа дейін (қоса алғанда)

Виолончель:

1. Кіші топ – 7 жастан 9 жасқа дейін (қоса алғанда)
2. Орта топ – 10 жастан 12 жасқа дейін (қоса алғанда)

3.1. Қатысушылардың жасы 2026 жылғы 24 қаңтардағы жағдай бойынша анықталады.

3.2. Олимпиадаға қатысушылардың өтінімде көрсетілген орындау тәртібі мен бағдарламасы өзгертілмейді.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиада бағдарламасы көпшілік алдында орындалады.

4.2. Барлық шығармалар жатқа орындалады.

4.3. Шығармаларды орындау реті қатысушылардың өздерімен анықталады.

4.4. Олимпиадаға қатысушылар репетициялық сыныптармен қамтамасыз етіледі.

4.5. Қазылар алқасының құрамы Олимпиаданың ашылу салтанатында жарияланады.

4.6. Тыңдаулардың нәтижелері марапаттау рәсімінде жарияланады.

4.7. Ұйымдастыру комитеті Олимпиадаға қатысушылардың өнер көрсетуін тікелей эфирде көрсетуге, жазып алуға және таратуға құқылы.

5. Өтінімдерді беру тәртібі

Өтінімдер **2026 жылғы 18 қаңтарға дейін (қоса алғанда)** келесі электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс:

baysa-priem@mail.ru

Құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда өтінімдер қабылданбайды.

18.01.2026 жылдан кейін жіберілген өтінімдер қабылданбайды.

Олимпиадаға қатысушылардың құжаттар тізімі:

- қатысушының өтінім нысаны және орындау бағдарламасы толтырылған (электронды түрде, **Word** форматында). Өтінім формасы қоса беріледі (Қосымша);
- оқу орнынан анықтама (электронды түрде);
- туу туралы куәліктің көшірмесі, ЖСН (электронды түрде);
Қатысушының, педагогтың және концертмейстердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес дәл толтырылуы тиіс;
- 10х15 көлеміндегі фотосурет (электронды түрде, **JPEG** форматында).

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Байзақов көшесі, 304.

Мектептің сайты:

<http://baiseitovaschool.skom.kz>

Анықтама үшін телефон:

8 (727) 394-96-05 — Сурапбергенова Светлана Алмабаевна.

6. Қазылар алқасының жұмысы

6.1. Қазылар алқасы танымал музыканттар мен педагогтардан – жетекші мамандардан тұрады.

6.2. Республикалық конкурстың қазылары келесі құқықтарға ие:

- барлық дипломдарды бермеу мүмкіндігі;
- үздік концертмейстерлер мен педагогтарды дипломдармен марапаттау;
- виртуоздық, музыкалылық, Қазақстан композиторларының шығармаларын ең жақсы орындау, жеңіске үмтылу сияқты арнайы сыйлықтарды беру.

6.3. Қазылар алқасының шешімдері соңғы болып саналады және қайта қаралмайды.

7. Марапаттау

7.1. Конкурстың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және Гран-При дипломымен марапатталады.

7.2. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, фирмалар, жеке тұлғалар ұйымдастыру комитетімен келісім бойынша өзге арнайы сыйлықтарды тағайындай алады, олар олардың тілектеріне сәйкес беріледі.

Өтінім

Номинация (аспап)	
Жас тобы	
Оқу орнының атауы	
Оқушының толық аты-жөні	
Туған күні	
ЖСН	
Мекен-жайы	
Байланыс телефоны (ұялы)	
Педагогтың толық аты-жөні	
Концертмейстердің толық аты-жөні	

Бағдарламасы

[illegible]